

- Қыста біздер қалай киінеміз?
- Жылы киімдерімізді киіміз.
- Қандай қысқы ойындарды білеміз?
- Аққала соғамыз, шанамен сырғанаймыз, шаңғы, коньки тебеміз. Хоккей ойнаймыз.

II. Негізгі бөлім

- Дұрыс айтасындар. Қарлы боранымен, сықырлаған аязымен қыста келіп жетті. Бірақ біз қыстан қорықпаймыз денемізді шыңдаймыз, жылы киінеміз. Сырғанап ойнап, аққала жасаймыз. (Еск тықылдатып Аққала келеді)

- Қараңдаршы балалар бүгін бізге қонаққа аққала келіпті. Аққала бізге құр келмепті, көптеген тапсырмалар ала келіпті.

- Қәне, балалар олай болса аққаланың әкелген тапсырмаларын орындайық.

Аққаланың тапсырмалары:

1 тапсырма: Сурет бойынша әңгіме құрастыру.

2 тапсырма: Қыс туралы тақпақ айту.

"Зырлайды шанамыз" өлеңін айту.

Оқу іс - әрекетін қорыту:

- Қыс мезгілі сендерге ұнай ма?
- Қыста ойнайтын қандай ойындарды білесің?
- Қардан не жасаймыз?
- Сырғанаққа бару үшін қалай киіну керек?

Бағалау: Балалар сендер бүгін сабаққа өте жақсы қатысқандарың үшін аққала қуанышты хабарламасын ала келіпті.